

Бекітімін :  
Мектеп директоры  
М.И.Ессеева  
30.08.2022 жыл



Келісемін:  
Директордын ОРДО  
Г.Т.Кульбаева  
25.08.2022 жыл

Каралды: *Доссөз*  
Әдістемелік бірлестік жетекшісі  
Н.М.Досмагамбетова  
25.08.2022 ж

*Тенис үйірмесі бойынша тақырыппық күтпізбелік жоспар*  
*нән мұгалімі Досмагамбетов Нұртұган Орынбасарович*  
*класс 1-9*

*2022-2023 оқу жылы*

## ТҮСІНІК ХАТ

«Дене шынықтыру» пән ретінде жалпы білім беретін мектепте маңызды рөл атқарады, окушының жалпы адамзаттық мәдениет саласында өзін-өзі белсенді шығармашылық көрсетуге дайын тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Устел теннисі адамды организмге тек қана биік талаптарды көрсетеді. Әр түрлі тізбектегі ойындары және байланыс, әртүрлі интервалдармен уақытында жаттығуларды кезектеседі, қарқын және ұзақтық бойынша бірдей емес.

### Мақсаты:

Устел теннисі бұл дене тәрбиесінің құралы денсаулықтың жан-жақты дене құрылышының өсіп-жетілуі және қүштейтуіне мүмкіндік тұтынады. теннис ойнау кол-көз координациясын жаксартады, ойлау шапшандығын арттырады, ұжым бірлігін арттырады, Окушылардың қимыл-қозғалыс әрекетін қалыптастырып, дамыту. Окушыларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.

### Міндеті:

-устел теннис ойыны денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық қасиеттің дамыту.

- устел теннис ойының дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары базалық спорт түрлерінің іс- қимыл әдістерімен техникасы арқылы қимыл тәжірибелі байту, қимыл қозғалыс мәдениетін қалыптастыру.

-денешынықтыру және спорт жайлы олардың тарихы туралы қазіргі дамуы және салауатты өмір салтты жайлы білімдерді игеру.

-тұлғаны оң қасиетке тәрбиелеу, оқужәне жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымактастық межелерін сактау

### Күтілетін иәтиже:

- Окушылардың қимыл дағдыларын қалыптастырады.

- Теориялық білімдері артады.

- Окушылардың тәзімділігі, шапшандығы, ептілігі дамиды.

- Денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп жетілуі және ағзаның жұмыс қабілеті артады.

### Кіріспе

Устел теннисі «дене тәрбиесі» пәнінде окушылардың білім жүйесінде өте кең тараған ойын. Бұл устел теннисінің спорттық және қозғалыс ойындары ретінде аса көп материалдық шығынды және спорттық жарыстарда, жаттығуларда аса көп орынды талап етпейді. Сонымен бірге ойын кезінде жоғары қозғалыс белсенділігі мен ерекшелене отырып окушылардың бойына жылдамдық, ептілік, қимылды басқарушылық, зейінділігін арттыру, әрекет жасау, көзben мөлшерлеу, ойлау сияқты қабілеттіліктерін қалыптастырады.

Устел теннисі өте қызықты, жан жақты, әр жастағы адамдар үшін қол жетерлік ойын. Ол өте құмарлы және назданбайды Қымыл қозғалыстың тездігі, шабуылдардың шапшандығымен, техникалық қыстырулардың кенеттілігімен оқигалардың әсерлілігімен өзіне қатты қызықтырады. Қымыл қозғалыс, дағдылардың әр түрлілігімен, түрлі үйлестік пен күшейте тусуімен, барлық физикалық сапалардың дамуына жағдай жасайды. Ойын кезінде ойынның жалынды, жігерлі күшпен бірге дене қозғалысна косымша күш береді. Окушылар ойынның жаңа элементтері мен ойын тактикасын мемгеріп, ойынның негізгі ережелерімен танысусы қажет. Устел теннисімен шұғылдану окушылардың физикалық дамуына, пәнмен, күн тәртібімен, гигиена және өз өзін бақылауымен танысуга бағытталуы тиіс.

### Устел теннисінің даму тарихы.

Устел теннисі – бұл спорттық ойын. Басқалары көп ойланатындағы ойынмен жұмыс арасында сондай үлкен айырмашылық жоқ. Жақсы ойын жақсы жұмысқа ұқсайды, жаман – жаман жұмысқа деп, осылай педагог Анатолий Семенович Макаренко айтқан.

Ертеректе үстел теннис ойынын пинг – понг деп атаган. Бұл сөз қалайда болсын аударылмайды, бұл доппен соққы жасау кезіндегі қарапайым дыбыс белгісі. Ол оннаң солға, солдан онға үшады, анда – мұнда пинг – понг.

Казіргі теннис шеберлері деңгейінде доп сондай көп ұшпайды. Жылдам соққы – бәрі бітті. Сондықтан бұл атап жойылған.

Сондай-ақ сіз үстел теннисі қайdan шықты деп сұрақ қоя аласыз. Теннис сөзінің тұра шыққан жері белгіленбейген, бірақ грек сөзінің лента дегенине болжайды. Осы арқылы доп бір ойыншыдан баскысына соққы жасалып отырған.

Үстел теннисінің дамуы туралы ақпараттар қарама – қайши. Кейбіреулері Азияда ягни Жапония немесе Қытайда пайда болған деседі. Европадан шыққан деген туралыда мәлімет бар.

XIX ғасырда үстел теннисі Россияда пайда болды. Ойынның бірінші ережелері Англиядан шыққан, бір партия ойыны 21 ұпайға емес қазіргідей, ол 30 ұпайға дейін жалғаскан. Киім түрлері мынадай-әйелдерде ұзын көйлекпен, ерлер ұзын смокинг киген.

Ақырындан ракетканың формасы өзгере бастады. Ол жұқа тақтайдан жасалды (бұған дейін ракеткалар сымдармен болған), ұстайтын жерлері қысқартылды, жана материалдармен үстінгі жақтарын жабыстыруды – былгары, велфр, пергамент және т.б.

Үстел теннисінің бірінші ресми кездесуі 1900 жылы өткізді. Ал 1901 жылы ресми турнир Индияда болып өтті. Оны бірінші халықаралық жарыс деп санауга болады. Осы турнирде женіске Индиялық спортшы Нандо жеңіске жетті. Англиядан ойын Австрия-Венгрияға, одан Германия Чехословакияға жетті. Үстел теннисінің жылдам таралуынан міндетті түрде халықаралық ұйым құруға және бірдей ойын ережесіншығаруға экелді. 1926 жылы Берлинде халықаралық федерация пайда болды. Айвор Мантегю корнекті ағылшын әдебиетшісі, қоғам қайраткері ИТТФ төрағасы болып сайланды. ИТТФ бірінші конгресі және әлем чемпионаты 1927 жылы желтоқсанда болды. Жарыс жекелей ерлер және әйелдер, жұптасып ерлердің және араласқан түрде өтті.

**1. Үстел теннисін ойнау қол-коз координациясын жақсартады**, ақыл-ойды сергітеді, концентрация мен тактикалық стратегияны дамытады. Бұл дегеніміз күні бойы компьютер алдында отыратын кеңсе қызметкерлері үшін таптырмас спорт деген сөз. Мәселен, компьютер алдында көп отыратын адамдар көзге арналған гимнастика жасауды әдетке айналдырғаны абзal. Ал үстел теннисін ойнағанда шапшаң қозгалған допты көру үшін көз қарашықтары еріксіз қозгалатыны айтпаса да түсінікті. Ал мұнымыз, өз кезегінде, көздеріміз үшін керемет гимнастика.

**2. Ойлау шапшаңдығын арттырады**. Үстел теннисін «high-speed chess» – «аса шапшаң шахмат» деп бекерден бекер атамаса керек. Бұл спортта допты негұрлым қатты жылдамдықпен согу, айналдыра шиіру, үстелге дәл түсіру және карсылыстың соққысына шапшаң бейімделіп, шебер қайтара білу төтенше маңызды. Бұның бәрі тез ойлау мен тез шешім қабылдауды қажет етеді.

**3. Рефлекстерді дамытады**, ягни дene қозгалысы шапшаңдығын арттырады. Себебі ойынның сипаты шапшаң ыргакты, қысқа қашыктықты болғандықтан ірі әрі ұсақ бұлышық еттердің қозгалысы жақсарады.

**4. Бұындарға аса пайдалы**. Тізеніз ауырады ма, арқаңыз тырыса ма, жауырыныңыз сыйдай ма? Оnda үстел теннисін ойнаңыз. Ол Сіздің дененізді лезде сергітіп, бұындырыңызға аса ауырталық түсірмestен-ақ, оларды шындаі түседі.

**5. Калорияларды жағып, сымдай тартылып жүрудің керемет жолы**. Салмағы 69 килограмды құрайтын адам 1 сағат теннис ойнаса, 272 калорияны оңай жағып жібереді екен.

**6. Мидың саулығын сақтайды**. Альцгеймер Уикли (Alzheimer's Weekly) ақпараты бойынша үстел теннисін ойнағаннан мотор дағдылары мен сана сергектігінің шындалуы анық байқалған. Жапонияда өткізілген клиникалық зерттеулер нәтижесіне сәйкес үстел теннисін ойнау міға қан ағымын айттарлықтай арттырады екен, тіпті алжудан да сақтауы ықтимал екен.

**7. Мидың түрлі боліктерінің жұмысын ынталандырады**. Қарсылыстың соққысын кайтарғанда, ойыншы ми қабығының префронтальды (мандайға үсті) болігін қолданады екен, өз кезегінде, мидың бұл болігі стратегиялық жоспарлауга жауапты. Ойынның физикалық белсенділікте қажет ететін ширақ қозгалыстары мидың гиппотоламус деп аталағын болігін ынталандырады екен, мидың бұл болігі ұзақ мерзімді фактілер мен оқиғаларды қалыптастыруға және сақтауга жауапты.

**8. Ұжым бірлігін арттырады**. Өсіресе бұл қызметкерлері бірін-бірі тани бермейтін үлкен мекеме ұжымдарына онтайлы болмақ. Жұмыс барысында ортақ істес болмагандықтан,

әншнейінде кездескенде тек амандасумен шектелетін қызметкерлер үзілісте үстел теннисін ойнау барысында ортақ қызыгуышылтықтары пайда болып, шүйрекелесіп жатады. Оның үстіне үстел теннисі жас және жыныс ерекшеліктеріне келгенде аса демократиялық спорт. Яғни оны жас та, кәрі де, ер де, әйел де бір-бірімен ойнай береді.

### Ойын ережесі.

1. Беру деп – ойынға допты қосқанды айтамыз. Допқа ракеткамен сокқы жасағаннан кейін, үстелден доп секіру керек те, берушінің жағынан, одан сетканың үстімен тимей қарсыласының жағын столға тусу керек.
2. Допты беру кезінде ракетка және доп үстел сыйының артқа жағында болу керек.  
Беру басталады – алақандағы допты жоғары қарай лактырып, одан бірден ракеткамен сокқы кетеді. Соққы міндепті турде төмен түскен кезде гана орындалады. Негізгі беру допқа ракеткамен сокқы орындауда саналады.  
Беру кате болып саналады, егерде:
  - Доп бірден берілсе.
  - Доп лақтырылған жоқ немесе дұрыс лақтырылмаса.
  - Беруші түсіріп алса, немесе допты ұстап қалса, беру үшін лактыруда, допқа соққы жасау кезінде тигізе алмаса.
  - Берілген доп қарсыласының жағына жетпесе.
3. Беру қайтан беріледі, егер – допты қабылдаушы берудеменің соққы жасағанга дейін, ол дайын емеспін деп ескертсе.
  - Допты қабылдауга дайын болу
  - Үстелден жарты метрдей қашықтықта тұру;
  - Доптың бағытына қарай қозғалу;
  - Бастапқы бағытқа оралу;
  - 2,3,4, пункттерін ойынның соына дейін қайталау.

Ойын мақсаты ережеге сәйкес допты ракеткамен қағысу . Ойын 2 ойыншыдан тұрады немесе еki ойыншыдан құралатын еki команда мен жүргізуге болады, баскетболдан айырмашылығы осында. Регби ойыннан айырмашылығы арнайы жасақталған белмеде кем дегенде 7,7 және 4,5 м аралығында аумақта ойын жүргізуге болады.

Ойынга қатысушы алғашқы болып допты ракеткамен қарсыласына қағу арқылы басталады ( бірінші болып қағу жеребилемен анықталады) Содан кейін ракеткамен жасалған соққы, допты секіртіп арнайы жасалған ортадагы сеткага тимей қарсыластың жағына тиіп барып тусу қажет. Ойын барысында ойынга қатысушылар столдың шеткі тұсындағы сыйықтан кейін тұрып ракеткамен допты қағысу керек. Әрбір женіліс қарсыласындағы ойыншыға үпай алып келеді. ( немесе командаға). 2001 жылы бекітілген халықаралық ереже бойынша әрбір ойын 11 үпайдан тұрады, бірақ та 21 үпайдан тұратын ойын үлгісі кәсіптік тұрғыда (танымал) қолданысқа ие. Матч тақ саннын құралған ойыннан тұрады, ( негізі 5 немесе 7) биллярд ойнын іспеттес.

### Үстел теннисі ойыннандағы қауіпсіздік ережелері:

- 1 . Мұғалімнің рұқсатынсыз залға кіруге болмайды;
2. Теннис үстелінің жанына отыруға болмайды;
3. Ойыншылардың ойын кезінде біріне – бірі ракетка сілтеп, дөрекі қылық жасауға жол берілмейді;
- 4.Жаттыгуларды орындауды ұйымдастыру барысында қойылатын бірыңғай талаптарды дәл орындау керек.

Тennis үйірмесінің сабак жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Откізілетін күні
1	Тennis ойыны туралы түсінік	1	06.09
2	Тennis құрал-жабдықтарымен таныстыру	1	13.09.
3	Ойыншының бастапқы қалпы	1	20.09.
4	Ойыншының қозғалысы	1	27.09.
5	Шарикты ойынга қосу	1	04.10.
6	Шарикты ойынга қосу	1	11.10.
7	Ракетканы қолға дұрыс ұсташу	1	18.10.
8	Шарикты ойынга қосу	1	25.10.
9	Оңға және солға қозғалу	1	08.11.
10	Шарикты ойынга қосу	1	15.11.
11	Шарикты сол жақтан қағу	1	22.11.
12	Шарикты оң жақтан қағу	1	29.11.
13	Шарикты сол жақтан қылп соғу	1	06.12.
14	Шарикты оң жақтан қылп соғу	1	13.12.
15	Шарикты дұрыс, тез соғу	1	20.12.
16	Шарикты беру тәртібін білу	1	27.12.
17	Шарикты алу тәртібін білу	1	10.01.
18	Өзіңе үпай жинау тәсілі	1	17.01.
19	Шарикты ойынга қосу	1	24.01.
20	Екі кісімен ойнау тәсілдері	1	31.01.
21	Қарсыласын ұту	1	07.02.
22	Шарикты ойынга қосу	1	14.02.
23	Қарсыласының добын қайтару	1	21.02.
24	Бірнеше оқушылардың бір мезгілде ойыны	1	28.02.

25	Шарикты ойынга қосу	1	07.03.
26	Паравоз ойыны	1	14.03
27	Айналу ойыны	1	28.03.
28	Екі адам ойнау	1	04.04.
29	Сыныптар арасындағы сайыс	1	11.04.
30	Шарикты дұрыс ойынга қосу	1	18.04.
31	Ер балалар арасындағы сайыс	1	25.04.
32	Қыз балалар арасындағы сайыс	1	02.05.
33	Екі бала арасындағы сайыс	1	09.05.
34	Шарикты айналдырып ойынга қосу	1	16.05.
35	Қарсыласының шарын қайтарып ұту	1	23.05.
36	Оқушылар арасындағы сайыс	1	30.05.